ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр станциялары, тораптары және желілері
кафедрасы

«Қорғауға жіберілді»
Кафедра меңгерушісі
т.ғ.к., доцент Умбеткулов С.К
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)
«_____» 20 16 **ж.**
(қолы)

ДИПЛОМДЫҚ ЖОБА

Тақырыбы: Алматы қаласындағы оқшау-ауданларды электрмен жабдықтау үшін 10-0,4 кВ электр торабтарын жобалау

5В071800 - Электр энергетикасы **мамандығы бойынша**

Орындаған Қусайынов Асылбек Эук-13-1
(аты - жөні) (тобы)

Жетекші аға оқытушы Абдурахманов Л.А
(аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Кеңесшілер:
Экономикалық бөлім бойынша :
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «____» 20___ ж.

Өмір тіршілігі қауіпсіздігі бойынша:
т.ғ.к., доцент Абдимуратов Н.С
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «____» 20___ ж.

Мөлшер бақылаушы:
аға оқытушы Соколова И.С.
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «16» 05 2016 ж.

Пікір жазушы :
(ғылыми дәрежесі, атағы, аты-жөні)
(қолы) «____» 20___ ж.

Алматы 2016

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

АЛМАТЫ ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС УНИВЕРСИТЕТІ

Электр энергетика факультеті
5В071800- электр энергетикасы мамандығы
Электр станциялары, тораптары және жүйелері кафедрасы

жобаны орындауға берілген

ТАПСЫРМА

Студент Құсайынов Асылбек
(аты - жөні)

Жоба тақырыбы Алматы қаласындағы бұлшық-аудандарды электрмен жабдықтау үшін 10-04 кВ-тық торапталарын жобалау.
ректордың « 19 » 10.2015 № 148 бұйрығы бойынша бекітілген.

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі: «____»_____20___ ж.

Жобаға бастапқы деректер (талап етілетін жоба нәтижелерінің параметрлері және нысанның бастапқы деректері)

Диплом жобасындағы әзірленуі тиіс сұрақтар тізімі немесе диплом жобасының қысқаша мазмұны:
1. Жобаланатын бұлшық ауданның сипаттамасы
2. Ұлшық ауданның техника-экономикалық көрсеткіштері
3. Есептік электрлік жүктемелері анықтау
4. Трансформаторлық ҚС саны мен орнатылу орнын таңдау
5. Сұлба нұсқаларын торапталған есептеу
6. Тұтынушы трансформаторлық ҚС нүкте типі саны таңдау
7. Әуелгі қорғау және өмір тіршілік қауіпсіздігі

Сызба материалдарының (міндетті түрде дайындалатын сызуларды көрсету) тізімі

Негізгі ұсынылатын әдебиеттер

1. Правила устройства электроустановок. ПУЭ-4-м. Энергия, 2003-603 стр.
2. Неклепаев Б.Н., Крючков И.П. Электрическая часть электрических станций и сетей. Справочные материалы для курсового и дипломного проек., 1989-608 стр.
3. Пособие к курсовому и дипломному проек-ию для эл. энергетических спец. / Под. ред. Блока В.М.
4. Справочник по проектированию подстанций 35-1150 кВ. / Под ред. Соколова Э.С., 1992-302 стр.

Жоба бойынша бөлімшелерге қатысты белгіленген кеңесшілер

бөлімшелер	кеңесші	мерзімі	қолы
Өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімі	Абдинуров Н.С.		
Экономикалық бөлім	Жакупов А.А.		
Менеджер бакалаушы	Соколова И.С.		

Диплом жобасын дайындау

КЕСТЕСІ

№ р/с	Тарау аттары, әзірленетін сұрақтардың тізімі	Жетекшіге ұсыну мерзімдері	Ескерту
1	Жобаланатын аумақ ауданының сипаттамасы.	27.01.2016	
2.	Есептік өлшер мүктаждарын анықтау	3.02.2016	
3.	Трансформаторлы ҚС санын, орнатылу орнын анықтау.	14.02.2016	
4.	Сорғыға жұмсалатын қуатты төрлітарап есептеу.	16.02.2016	
5	Қосқа түйықталу тогын есептеу.	14.03.2016	
6.	10кВ кабель желілерінің қимасын таңдау.	20.03.2016	
7.	Өмір тіршілік қауіпсіздік бөлімі	01.04.2016	
8.	Экономикалық бөлім.	10.04.2016	

Тапсырманың берілген уақыты «_____»_____20___ж.

Кафедра меңгерушісі _____ т.ғ.к. доцент Умбетқулов С.К.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Жоба жетекшісі _____ Абдрахманов А.А., аға оқытушы.
(қолы) (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, атағы)

Орындалатын тапсырманы қабылдаған студент _____ Құсайынов А.
(қолы) (аты -жөні)

Аннотация

В предоставленном дипломном проекте, произведено энергоснабжение жилого микрорайона «Алгабас» города Алматы. Выполнен расчет наружной осветительной сети. Произведен выбор силовых трансформаторных подстанций с проверкой их по перегрузочной способности.

Выбрана и рассчитана схема внешнего энергоснабжения, а также проведен расчет распределительной сети 0,4 кВ, с последующей проверкой электрических аппаратов для защиты кабельных линий.

В экономической части предложено технико-экономическое сравнение двух вариантов схем внешнего энергоснабжения, а также сравнение трансформаторных подстанций с различной мощностью и числом трансформаторов.

В разделе безопасность жизнедеятельности человека описывается расчет искусственного заземления.

Annotation

The provided thesis project, energy produced by a residential district «Algabas» Almaty. The calculation of the outdoor lighting network . Produced selection of power transformer substations with checking their overload capacity.

Selected and designed an external power supply circuit , and calculated the 0.4 kV distribution network , followed by a test of electrical apparatus for protection of cable lines.

In the economic part of the suggested technical and economic comparison of the two options schemes of external power supply , as well as a comparison of transformer substations with different power and the number.

In the safety of human life is described by the calculation of artificial ground.

Андатпа

Дипломдық жобада Алматы қаласының «Алғабас» ықшам ауданын электрмен жабдықтау есебі жүргізілген. Сыртқы жарықтандыру тораптарына есептеу орындалды. Күштік трансформаторлы қосалқы станцияға таңдау жүргізілді.

Сыртқы электрмен жабдықтау сұлбасы есептелді және таңдалды, сонымен қатар 0,4 кВ тарату құрылғыларына есептеу жүргізілді және кабель желілерінің қорғанысы үшін электрлік аппараттарға тексеру жүргізілді.

Экономикалық бөлімде сыртқы электемен жабдықта сұлбасының екі нұсқасына, сонымен қатар трансформаторлар саны мен қуаты әр түрлі трансформаторлы қосалқы станцияға салыстыру жүргізілді.

Өмір тіршілік қауіпсіздігі бөлімінде жасанды жерлендіруге есептеу жүргізіледі.

Мазмұны

Кіріспе 7
1 Жобаланатын ықшам ауданының сипаттамасы 8
1.1 Ықшам ауданның технико-экономикалық көрсеткіштері 8
2 Есептік электрлік жүктемелерді анықтау 9
2.1 Тұрғын үй ғимараттарының есептік жүктемелері 9
2.2 78 пәтерлі тұрғын үйдің электрлік жүктемесін есептеу 10
2.3 Әкімшілік ғимараттарының есептік электрлік жүктемесін анықтау 13
3 Трансформаторлы ҚС саны мен орналасу орнын таңдау 15
4 Сыртқы жарықтандыру тораптарын есептеу 17
4.1 Жарық техникалық есептеу 17
4.2 Жарықтандыру тораптарын электрлік есептеу 18
5 Тұтынушы трансформаторлы ҚС қуатын және санын таңдау 23
5.1 Трансформаторлы ҚС траснформаторларының қуатын алдын-ала есептеу 23
5.2 Трансформаторлардың жүйелі асқын жүктемеге тексеру 25
5.3 Трансформаторларды апаттық асқын жүктемеге тексеру 26
6 Жоғары кернеу таратушы тораптарының сұлбасын таңдау 29
7 10 кВ кабель желісінің қимасын алдын-ала таңдау 33
8 Қысқа тұйықталу тогын есептеу 40
9 Электрлік аппараттарды таңдау 48
9.1. 10/0,4 кВ ҚС коммутациялық аппараттарды таңдау 48
9.2 Жүктеме ажыратқышын таңдау 50
9.3 Өлшеуіш трансформаторларын таңдау 51
9.4 10 кВ тарату орындарында жабдықтарды таңдау 53
9.4 Шиналарды таңдау 54
9.6 Оқшауламаларды таңдау 56
9.7 Тарату орнының өзіндік мұқтаждығы 57
10 10 кВ желілердің релелік қорғанысы және автоматика 58
10.1 Максимал ток қорғанысыщ МТҚ есептеу 59
10.2 Ток ауытқуын есептеу 61
10.3 0,4 кВ кабель желісін қорғау аппаратураларын таңдау 61
11 Ықшам ауданды электрмен жабдықтаудың екі сұлбасын технико-экономикалық салыстыру 63
11.1 Келтірілген жылдық шығындар 63
11.2 Жылдық пайдалану шығындарын анықтау 64
11.3 Электр энергия шығынының құнын анықтау 65
12 Еңбекті қорғау және өмір тіршілік қауіпсіздігі 73
Қорытынды 82
Қолданылған әдебиеттер тізімі 83

Кіріспе

Қазақстан Республикасын дамыту және экономикалық көтеру бағдарламасында біздің еліміздегі энергетиканың дамуы халық шаруашылығының барлық саласын ғылыми-техникалық дамуын жылдамдату базасында энергияны үнемдеу саясатын жүргізуді қарастырады. Қазіргі уақытта біздің еліміздің экономикасын жоғарғы деңгейге дамыту тапсырмаларын шешу үшін жаңа технологиялық шешімдерді қабылдау қажет. Қазақстанның халық шаруашылығын электрлендіру заманауи өте тиімді электрлік машиналар мен аппараттарды, электр беріліс желілерін, әр түрлі электр техникалық жабдықтарды, автоматика және телемеханика құралдарын қолдану арқылы электр қондырғыларын жасау және енгізу жолы бойынша дамуда. Сондықтан тұтынушылардағы электр энергия шығындары мен электр тұтынудың төмендеу үрдірісі көрінеді. Электр энергияның негізгі тұтынушылары өнеркәсіп, көлік, ауыл мен қаланың ауыл шаруашылығы болып табылады, өнеркәсіптерге электр энергия тұтынудың 70% келеді, ол әрбір кәсіпорындарда, бөлімшелер мен қондырғыларда тиімді және үнемді жұмсалуы керек. Біздің елімізде күшті тиімділігі жоғары отын-энергетикалық кешені құрылған, оны тиімді және ұтымды пайдалану халық шаруашылығы жоспарларының сәтті шешілуін қамтамассыз етуі керек.

Жаңа өндірістік нысандарды жобалаудың негізгі тапсырмасы энергия сыйымды өндірістерді энергиямен жабдықтаудың қарапайым сұлбасын тұрғызу, энергияның барлық түрін аз шығынмеен пайдалану болып табылады.

Бұған электр энергияны тұтынудың тәуліктік графигін теңестіру, реактивті қуатты қарымталау, жабдықтардың тоқтап қалуын азайту, қуат коэффициентін жоғарылату, отын-экономикалық қорларды үнемдеу бойынша іс шараларды жасау арқылы қол жеткізіледі.

Тұтынушыларды энергиямен жабдықтау саласында бұл тапсырмалар жобалы-құрылымдық жасаулардың деңгейін жоғарлатуды, сенімділігі жоғаоы электр жабдықтарын енгізуді, электр энергияны жіберу, тарату және пайдалану кезінде оның өнімсіз шығындарын төмендетуді қарастырады. Энергиямен жабдықтау жүйесін және көптеген электр қабылдағыштарды қауіпсіз және апатсыз пайдалану электр шаруашылығындағы жұмыскерлердің алдына еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша түрлі және күрделі тапсырмалар қояды.

Заманауи есептеуіш техникаларын енгізу арқылы сенімділік пен тиімділікке талаптар өседі. Нарықты экономиканы дамыту энергетика саласындағы әдістер мен экономикалық моделдерді пайдалануға және зерттеуге қызығушылықты арттырады.

1 Жобаланатын ықшам ауданның сипаттамасы

Бұл бөлімнің негізгі тапсырмасы жобалау үшін бастапқы материалдарды толық таңдау болып табылады.

Бұл жобада «АЖК» АҚ қалалық электр тораптарына жататын «Алғабас» ықшам ауданын қарастырамыз.

Ықшам ауданды сипаттайтын қажетті климаттық параметрлерді анықтаймыз.

Қарастырылатын ықшам аудан III климаттық зонаға жатады. Ауаның ең жоғары температурасы +30º С, ең төменгі температура – 25º С. жауын-шашынның жылдық саны 250-350 мм. Қар жамылғысының орташа қалыңдығы 5-10 см, аяздау (қатқақтау) тереңдігі 0,3-0,5 м.

1.1 Ықшам ауданның технико-экономикалық көрсеткіштері

Тоғыз қабатты және бес қабатты үйлердегі тұрғындар - 81900 м^2, жалпы ауданы тұрғын үймен қамтамасыз етілген кезде 6552 адамға - 12,5 м^2. Ықшам ауданның қызыл сызықтағы ауданы 35,58 Га. Жалпы тұрғын ауданының саны 81900 м^2, оның ішінде:

- тұрғын үй қорының жиілігі:
- нормативті - 6990 м^2 /га;
- нақты - 5993 м^2 /га;
- пәтерлер саны - 2998, оның ішінде:
- бір бөлмелі – 831;
- екі бөлмелі – 747;
- үш бөлмелі – 1420.

Ықшам ауданды электрмен жабдықтау тұтынушы трансформаторлы қосалқы станциядан жобаланған, оның қоректенуі «Алғабас» қосалқы станциясынан іске асады.

Жобаланатын ғимарат электрмен жабдықтаудың сенімділік деңгейі бойынша тұтынушылардың II және III категориясына жатады. II категорияға лифттердің электр қозғалтқыштары, сорғылар, апатты жарықтандыру жатады.

2 Есептік электрлік жүктемелерді анықтау

2.1 Тұрғын үй ғимараттарының есептік жүктемелері

Есептеудің негізіне «АЖК» АҚ ұсынған «Қалалық электр тораптарын жобалау бойынша нұсқамасы» кіреді.

Электрлік жүктемелерді есептеудің мақсаты тұтынушылардың трансформаторлық түйінінің қуаты мен сангын анықтау болып табылады. Тұрғын үйлердің есептік электр жүктемелері электр энергиясының күштік тұтынушыларының есептік жүкемелері мен жарықтандырғыш тораптарды қоректендіретін жүктемелерден құралады.

Пәтерлерді және жалпы үй бөлімдерін (жертөле, шатыр, баспалдақ алаңы және т.б.) есептеу әдісін келтіреміз.

Тұрғын үйдегі пәтерлердің есептік жүктемелерін келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$P_{кв.рас} = P_{кв.уд} \cdot n_{кв}, кВт \quad (2.1)$$

мұндағы $P_{уд.кв}$ – бір пәтерге келетін меншікті электрлік жүктеме, кВт/пәтер;

$n_{кв}$ – пәтер саны.

Тұрғын үй ғимаратының (күштік электр қабылдағыштар мен пәтерлер) есептік электрлік жүктемесі келесі формуламен анықталады:

$$P_{рас.ж.д} = P_{кв.рас} + k_{од} \cdot P_{с}, кВт \quad (2.2)$$

мұндағы $k_{од}$ – бір уақыттық коэффициенті, с.б. (тұрғын үйдің максимум жүктемеге қатысуын ескеретін коэффициентті $k_{у}$ - 0,9 деп аламыз);

$P_{рас.ж.д.}$ – тұрғын үйдің есептік электрлік жүктемесі, кВт;

$P_{с}$ – тұрғын үйдің күштік электр қабылдағыштарының есептік жүктемесі, кВт.

Тұрғын үйге енгізілетін күштік электр қабылдағыштарының есептік жүктемесі келесідей анықталады:

$$P_{с} = P_{уст.лиф} + P_{уст.эл}, кВт \quad (2.3)$$

мұндағы $P_{уст. .лиф.}$ – лифт қондырғыларының орнатылған қуаты, кВт,

$P_{уст.эл}$.- санитарлы-техникалық құрылғылардың электр қозғалтқыштарының қуаты, кВт.

Лифт қондырғыларының есептік қуаты келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{уст.лиф} = k_{од} + P_{лиф} \cdot n_{лиф}, кВт \quad (2.4)$$

мұндағы $k_{од}$ – бір уақыттық коэффициенті с.б. (лифттердің бір уақыттағы жұмысын k_c =0,8 [2] деп аламыз);

$P_{лиф}$ – лифттің электр қозғалтқыштарының қуаты, кВт, (нормативті мәліметтерге сәйкес жүк көтергіштігі 500 кг жолаушы лифтке қуаты $P_{лиф}$ =7кВт электр қозғалтыш орнатылады);

$n_{лиф}$ – лифт қондырғыларының саны.

2.2 78 пәтерлі тұрғын үйдің электрлік жүктемесін есептеу

№124-131 тоғыз қабатты тұрғын үйлер үш кіреберістен (подъезд) тұрады, әр кіреберісте 26 пәтер (барлығы 78 пәтер) және 3 лифт бар (яғни, әр кіреберісте жүк көтергіштігі 500 кг лифт орналған).

Тоғыз қабатты тұрғын үйдің меншікті қуатын анықтаймыз, «АЖК» АҚ ұсынған нормативті құжаттарға сәйкес $P_{уд}$ =0,9 кВт/кв и $P_{лиф.}$=7,5 кВт.

Сонымен (2.1) формулаға сәйкес тоғыз қабатты тұшрғын үйдің есептік қуаты келесіге тең болады:

$$P_{рас.кв} = 0,9 \cdot 78 = 70,2 \text{ кВт}.$$

Жолаушы лифт қондырғыларының орнатылған қуатын (2.4) формула бойынша анықтаймыз:

$$P_{уст.лиф} = 0,8 \cdot 7,5 \cdot 3 = 18 \text{ кВт}.$$

Тұрғын үйдің күштік электр қабылдағыштарының есептік жүктемесін (2.3) формуланы қолданып анықтаймыз:

$$P_c = P_{уст.лиф} + P_{уст.эл} = 18 + 0 = 18 \text{ кВт}.$$

Тұрғын үйдің есептік электр жүктемесін (2.2) формуланы қолданып анықтаймыз:

$$P_{рас.ж.д} = 70,2 + 0,9 \cdot 18 = 86,4 \text{ кВт}.$$

Тұрғын үй нысандарының реактивті жүктемесі пәтерлердің реактивті қуаты мен лифттардың электр қозғалтқыштарының реактивті қуатынан жиналады:

Тұрғын үйдің есептік реактивті қуатын келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$Q_{рас.ж.д} = P_{рас.ж.д} \cdot tg\varphi, кВАр \quad (2.5)$$

мұндағы $tg\varphi_{кв}$- пәтерлердің реактивті қуатының коэффициенті (tg $\varphi_{кв}$=0,29 [2] деп аламыз);

$$Q_{рас.ж.д} = 70,2 \cdot 0,29 = 20,36 \text{ кВАр}.$$

Лифттардың есептік реактивті қуатын келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$Q_{рас.лиф} = P_{уст.лиф} \cdot tg\varphi, кВАр \quad (2.6)$$

мұндағы: tg $\varphi_{рас.лиф}$- лифттардың реактивті қуат коэффициенті (tg φл=1,17 [2] деп аламыз).

$$Q_{рас.лиф} = 18 \cdot 1,17 = 21,06 \text{ кВАр}.$$

Тоғыз қабатты тұрғын үйдің есептік реактивті қуатын анықтаймыз:

$$Q_{рас.} = Q_{рас.ж.д} + k_{од} \cdot Q_{рас.лиф} = 20,36 + 0,9 \cdot 21,06 = 39,3 \text{ кВАр}.$$

Қалған тұрғын үй ғимараттарын есептеуді осылай жүргіземіз. Есептеу нәтижелерін 2.1 және 2.2 кестеге енгіземіз.

2.1 кесте – Тоғыз қабатты ғимараттың жүктемесін есептеу

Нысанның атауы	n, шт.	$P_{кв.уд.}$, кВт/кв	Қабаты	$P_{кв}$, кВт	$P_{лиф}$, кВт	Лифт саны	$k_{од}$	cos φ, кв/лиф	tg φ, кв/лиф	$P_{с}$, кВт	$Q_{кв}$, кВАр	$Q_{р.л.}$, кВАр	$Q_{р.ж.д.}$, кВАр
№131 тұрғын үй	78	0,9	9	70,2	7,5	3	0,8	0,96/0,65	0,29/1,17	18	20,36	21,06	39,3
№ 132 тұрғын үй	78	0,9	9	70,2	7,5	3	0,8	0,96/0,65	0,29/1,17	18	20,36	21,06	39,3
№133 тұрғын үй	104	0,74	9	76,96	7,5	4	0,7	0,96/0,65	0,29/1,17	21	22,32	24,57	44,43
№134 тұрғын үй	104	0,74	9	76,96	7,5	4	0,7	0,96/0,65	0,29/1,17	21	22,32	24,57	44,43
№ 135 тұрғын үй	52	1,15	9	59,8	7,5	2	0,85	0,96//0,65	0,29/1,17	12,75	17,34	14,92	30,77
№ 136 тұрғын үй	52	1,15	9	59,8	7,5	2	0,85	0,96/0,65	0,29/1,17	12,75	17,34	14,92	30,77
№ 137 тұрғын үй	104	0,74	9	76,96	7,5	4	0,7	0,96/0,65	0,29/1,17	21	22,32	24,57	44,43
№ 128 тұрғын үй	104	0,74	9	76,96	7,5	4	0,7	0,96/0,65	0,29/1,17	21	22,32	24,57	44,43
№ 129 тұрғын үй	52	1,15	9	59,8	7,5	2	0,85	0,96/0,65	0,29/1,17	12,75	17,34	14,92	30,77
№ 130 тұрғын үй	52	1,15	9	59,8	7,5	2	0,85	0,96/0,65	0,29/1,17	12,75	17,34	14,92	30,77
№ 125 тұрғын үй	104	0,74	9	76,96	7,5	4	0,7	0,96/0,65	0,29/1,17	21	22,32	24,57	44,43
№ 126 тұрғын үй	78	0,9	9	70,2	7,5	3	0,8	0,96/0,65	0,29/1,17	18	20,36	21,06	39,3
№ 127 тұрғын үй	52	1,15	9	59,8	7,5	2	0,85	0,96/0,65	0,29/1,17	12,75	17,34	14,92	30,77
№ 124 тұрғын үй	52	1,15	9	59,8	7,5	2	0,85	0,96/0,65	0,29/1,17	12,75	17,34	14,92	30,77
БАРЛЫҒЫ:				954,2									524,67

2.2 кесте – Бес қабатты ғимараттың жүктемесін есептеу

Нысанның атауы	Пәтерлер саны, дана.	Ркв.уд., кВт пәтер	Қабат	Ркв., кВт	cos φ	tg φ	Q кв., кВАр
1. Тұрғын үй №№ 114-123	45	1,5	5	67,5	0,96	0,29	9,79
Барлығы:	-	-	-	675	-	-	97,9
2. Тұрғын үй №№ 110-113	60	1,4	5	82	0,96	0,29	23,78
Барлығы:	-	-	-	328	-	-	95,12
3. Тұрғын үй №№ 99-109	75	1,3	5	97,5	0,96	0,29	14,14
Барлығы:	-	-	-	487,5	-	-	141,4
БАРЛЫҒЫ:	-	-	-	1072,5	-	-	311,025

2.3 Әкімшілік ғимараттарының есептік электрлік жүктемесін анықтау

Әкімшілік ғимараттарының электрлік жүктемесін есептеу меншікті есептік электрлік жүктемелер бойынша жүргізіледі [2].

80 орындық бала бақшаның есептік жүктемесін анықтаймыз.

Бала бақшаның есептік қуаты келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{рас.ДС} = m \cdot P_{уст.ДС} \qquad (2.7)$$

мұндағы $P_{уд.ДС}$ – меншікті есептік жүктеме, кВт/орын («АЖК» АҚ ұсынған нормативті құжаттарға сәйкес $P_{уд.ДС}$=0,4 кВт/орын деп адамыз);

m – бала бақшадағы орын саны.

$$P_{рас.ДС} = 0{,}4 \cdot 80 = 32\,кВт$$

Есептік реактивті қуат келесі формула бойынша анықталады:

$$Q_{рас.ДС} = tg\varphi \cdot P_{рас.ДС} \qquad (2.8)$$

мұндағы tg φ – бала бақшаның реактивті қуат коэффициенті ([2] сәйкес tg φ=0,25 деп аламыз),

сонда

$$Q_{рас.ДС} = 0{,}25 \cdot 32 = 8\,кВАр$$

Басқа әкімшілік ғимараттары үшін күштік жүктемені есептеу осылай жүргізіледі. Есептеу нәтижелерін 2.3 кестеге енгіземіз.

2.3 кесте – Әкімшілік ғимараттарының жүктемесін есептеу

Атауы	Өлшем бірл.	Саны	$P_{уд.}$	$P_{рас}$, кВт	cos φ/tg φ	Qр,кВАр
1	2	3	4	5	6	7
Бала бақша	орын	80	0,4	32	0,87/0,25	8
Театр	орын	700	0,75	525	0,85/0,28	147
Мектеп	орын	420	0,75	325	0,85/0,38	119,7
Сауда орталығы						
-сауда залы	$м^2$	1300	0,54	702	0,8/0,75	526.5
-бутиктер	$м^2$	150	0,3	45	0,8/0,3	13,5
БАРЛЫҒЫ:	-	-	-	1629	-	814,7

Ықшам аудан бойынша жүктеме келесідей болады:

$$P_{\sum} = k_{од} \cdot (P_{р.ж.д} + P_{кв} + P_{р}) = 0{,}85 \cdot (954{,}2 + 1072{,}5 + 1629) = 3681 \text{ кВт.}$$

3 Трансформаторлы ҚС саны мен орналасу орнын таңдау

Жобалаудың негізгі мақсаты тұтынушы трансформаторлы ҚС орналасу орны мен санын дұрыс таңдау. Электрлік жүктемелерді аудандастыру (аудан-ауданға бөлу) бұл тапсырманы шешудің ажырамас бөлігі болып табылады.

Ықшам ауданның көлемі 0,21 км^2 құрайды. Барлық активті есептік жүктеме 3681 кВт. Жүктеменің тығыздығы - 17,5 Вт/м^2.

Жобалық нормативтерге сәйкес трансформаторлы ҚС-дан ғимараттарға дейінгі кабельдің ұзындығы 400 м [4] аспауы керек. Қалалық тұрғын үй құрылысында ғимараттар арасында балалар және спорт алаңдары орналасады, демек ҚС электрлік жүктемелердің ортасына орналастыру мүмкін болма бермейді. Сондықтан қалалық тораптарды жобалау ұсыныстарына [3] сәйкес кабельдің ұзындығын асыруға болмайды.

Берілген ықшам ауданының негізгі жоспарында ол 680х310 м төртбұрыш түрінде көрсетілген. Ойша ықшам ауданды 6 бөлікке бөлеміз. Электрмен жабдықтау сенімділігін қамтамасыз ету жәгне экономикалық көрсеткіштерді азайту үшін 6 тұтынушы қосалқы станциясын қабылдаймыз.

Электрмен жабдықтау жағынан қарағанда РП-10кВ «Алғабас» ҚС-нан қорек көзі жағына орналастырған және сәулеттік (архитектуралық) есеппен РП №2 ҚС біріктірген қолайлы.

[5] сәйкес трансформаторлы ҚС электрлік жүктеме орталағына (ЦЭН) жақын орналастырамыз, себебі бұл жоғары кернеуді электр энергияны тұтыну орталағына жақындатуға және төменгі кернеу тарату тораптарының ұзындығын қысқартуға мүмкіндік береді, сонымен бірге өткізгіштік материалдарының шығыны мен электр энергия шығынын азайтады.

Электрлік жүктеме орталығының (ЦЭН) координаттары келесі формулалар бойынша анықталады:

$$X_{o..} = \frac{\sum_{i=1}^{n} P_i X_i}{\sum_{i=1}^{n} P_i} \qquad (3.1)$$

$$Y_{o..} = \frac{\sum_{i=1}^{n} P_i Y_i}{\sum_{i=1}^{n} P_i} \qquad (3.2)$$

№3 трансформаторлы ҚС электрлік жүктеме орталығын анықтау есептерін жүргіземіз.

№143 ҚС қоректенетін электр қабылдағыштар туралы мәліметтер және олардың координаттары 3.1 кестеде көрсетілген.

3.1 кесте - №143 ҚС қоректенетін электр қабылдағыштар

Жоспар бойынша нысанның номері	$P_{рас}$, кВт	X, см	Y, см
№ 101 тұрғын үй	97,5	55,6	43
№ 119 тұрғын үй	67,5	50	39
№ 127 тұрғын үй	59,8	55,6	34,8
№ 124 тұрғын үй	59,8	65	39
№ 113 тұрғын үй	82	68,4	34,8
№ 111 тұрғын үй	82	64	30,4
Сауда орталығы	702	68	42,8

$$X_{о..} = \frac{97,5 \cdot 55,6 + 67,5 \cdot 50 + 59,8 \cdot 55,6 + 59,8 \cdot 65 + 82 \cdot 68,4 + 82 \cdot 64 + 702 \cdot 68}{97,5 + 67,5 + 59,8 + 59,8 + 82 + 82 + 702} = 64,84 \text{см}$$

$$Y_{о..} = \frac{97,5 \cdot 43 + 67,5 \cdot 39 + 59,8 \cdot 34,8 + 59,8 \cdot 39 + 82 \cdot 34,8 + 82 \cdot 30,4 + 702 \cdot 42,8}{97,5 + 67,5 + 59,8 + 59,8 + 82 + 82 + 702} =$$

$$= 40,53,6 \text{см}$$

Ғимараттардың орналасуының сәулеттік ерекшеліктерін ескеріп, №3 трансформаторлы ҚС орналасу орнын $X_{о.факт}$=61 см, $Y_{о.факт}$=35,5 координаттарымен нүктеге жылжытамыз.

Қалған трансформаторлы ҚС электрлік жүктеме орталығын есептеу осыған ұқсас жүргізіледі. Есептеу нәтижелері 3.2 көрсетілген.

3.2 кесте – Трансформаторлы ҚС электрлік жүктеме орталықтары

Трансформаторлы ҚС номері	$X_{о\ расч}$	$Y_{о\ расч}$	$X_{о\ факт}$	$Y_{о\ факт}$
№ 141 трансформаторлы ҚС	10,2	35,4	8,8	35
№ 142 трансформаторлы ҚС	30,8	34,2	30,5	36,5
№ 143 трансформаторлы ҚС	60,3	37	61	35,5
№ 144 трансформаторлы ҚС	7,6	12	7,2	13,3
№ 145 трансформаторлы ҚС	33	11,4	32,5	9,2
№ 146 трансформаторлы ҚС	56,6	12,2	56	14,4

4 Сыртқы жарықтандыру тораптарын есептеу

4.1 Жарық техникалық есептеу

Таңдалған жабдықтардың ерекшелігіне көру жұмыстары үшін нысандарды анық ажыратуды қамтамасыз ету габаритінің аздығы жатады. Орынды (дұрыс) бөлінген жарық ағыны бақылаушының көзін шамадан тыс жарықтықтан қорғайды. Жарық көздерін механикалық зақымдалу мен ластанудан қорғау шамдалдардың таңдалған құрылымымен қамтамасыз етіледі.

Жобада ықшам аудандағы үйлердің алды мен көшелерін, темір бетонды тіректерде, екінші және үшінші қабаттар арасындағы ғимараттардың алды бойынша тіреуіштерде РКЦ-250 шамдалдарымен жарықтандыру қарастырылады. Ықшам ауданды сыртқы жарықтандыруды ВРУ-ВЗ түріндегі тарату шкафтарынан қосу қарастырылады. Көшені жарықтандыру қалқаны ЩУО-200 кішігірім қалалар мен елді мекендерде кешкі және түнгі уақыттарда көшенің жарықтануын автоматты реттеу үшін орнатылады, бұл жарықтандыруды орталықты басқаруды қарастырады. Қалқан ток трансформаторымен бірге 100 А енгізу автоматтарымен және санауыштар мен төрт топтық автоматтармен А3130 25 А және 40 А жинақталады. Түнгі уақытта 2/3 шамдал ажыратылады.

№40 бала бақшаны РКУ-250 шамдалдарымен орындалған, сыртқы жарықтандыруды есептеу мысалы.

Жарықтандырғыш қондырғыларының сенімді жұмыс және оның тиімділігі үшін шамдалдарды дұрыс таңдау маңызды. Шамдалды таңдау кезінде шамдал орнатылатын қоршаған ортаның шарттары, ғимараттың әрлеу сипаты мен мақсатына байланысты қажет жарық ағыны және шамдалдың үнемділігі ескерілді.

Сонымен қатар шамдалды таңдау кезінде ғимараттың технологиялық мақсатын, яғни шамдалдардың жарық техникалық топтастырылуын ескеру керек.

Көліктің аз екенін ескеріп, жабынды орташа горизанталь жарықтандыруды аламыз $E_{ср}$=10 лк, аумақтың орташа жарықтығы - 0,6 kg/м^2[6].

Типтік жобаның ұсныстарына сәйкес шамдалдардың орналасу сұлбасын – бір қатарлы аламыз. Бала бақшаның ішкі периметрі бойынша жаяу жүретін жолдың ені 3 м, аралық ұзындығы – 35-40 м, шамдалдардың іліну биіктігі – 10 м.

Қондырғыларда нормаланған орташа жарықтық есептеу негізінде жарықтық бойынша пайдалану коэффициенті $_я$ [6] алынады.

ηn мәні бойынша қажет ағын Ф′ анықталады:

$$Ф' = \frac{L \cdot k_з \cdot \pi}{k_я} \qquad (4.1)$$

мұндағы L – нормаланған жарық, kg/м^2 ;
$k_з$ – қор коэффициенті, с.б. ($k_з$ =1,5 деп аламыз [6]);
$k_я$ – жарық бойынша пайдалану коэффициенті.
[6] сәйкес жарық бойынша пайдалану коэффициенті k_z=0,035. Сонда:

$$Ф' = \frac{0,6 \cdot 1,5 \cdot 3,14}{0,035} = 2824,5 лм/м$$

Орнатуға ДРЛ-250 шамдары бар шамдалдарды аламыз, номиналды кернеуі $U_{ном}$=250 В және ағыны $U_{ном}$=250 В. Демек, бұл шамдал сыртты көлденеңінен жарықтандыра алады.

$$B_{ул} = \frac{E}{Ф'} = \frac{12500}{2824,5} = 4,4 \text{ м}.$$

Қажет шамдалдардың саны анықталады:

$$N = \frac{2 \cdot (A + B)}{35} = \frac{2 \cdot (85 + 41)}{35} = 7.2 \text{ шт}.$$

Орнатуға 7 шамдал қабылданады.
Нысанды жарықтандырудан толық қуат [6] формула бойынша:

$$P_{рас.осв} = P_{уд.ламп.} \cdot N = 0,27 \cdot 7 = 1,89 кВт \qquad (4.2)$$

мұндағы $P_{уд.ламп.}$–ДРЛ шамының меншікті қуаты, РКУ-250 шамдалдары үшін ($P_{уд. ламп.}$=0,27 кВт деп аламыз).
Басқа нысандар үшін жарық техникалық есептеу осыған ұқсас жүргізіледі. Есептеу бойынша мәліметтер 4.1 кестеде көрсетілген.

4.2 Жарықтандыру тораптарын электрлік есептеу

Электрлік жарықтандыру тораптарын есептеу өткізгіш материалдарының минимумы бойынша жүргізіледі.
Тәжірбиеде жарықтандыру тораптарының қимасын есептеу үшін өткізгіш материалдарының аз шығыны кезінде келесі формула қолданылады:


$$S = \frac{M_{при}}{C \cdot \Delta U}, \qquad (4.3)$$

мұндағы $M_{прив}$ – келтірілген қуат моменті, кВт.м;

С – қорек сұлбасына және материалдың маркасына байланысты коэффициент (алюминий өткізгішті таңдаймыз, оның коэффициентін С=44 деп аламыз);

ΔU – жарықтандырғыш тораптағы қорек көзінен ең алыстағы шамға дейінгі кернеудің шығыны, % (ЭҚЕ сәйкес 0,4 кВ тораптағы кернеу шығыны ΔU=2,5% аспау керек).

Көшені жарықтандыруға есептеу жүргіземіз, ол үшін көшені жарықтандыру сұлбасын келтіреміз (4.1 сурет).



4.1 сурет – Көшені жарықтандырудың есептік сұлбасы

0-1 телімдегі момент келесі формуламен анықталады.

$$M_{0-1}=P\cdot\ell\cdot n, \qquad (4.4)$$

мұндағы Р – шамның есептік қуаты, кВт;
ℓ - шамға дейінгі қашықтық, м;
n – шамдардың саны, дана.

$$M_{0-1}=0{,}5\cdot 70\cdot 17=595 \text{ кВт.м};$$

1-2 телімдегі момент келесі формула бойынша анықталады:

$$M_{1-2}=P\cdot n\cdot\left(\ell_0+\frac{\ell_1(n-1)}{2}\right), \qquad (4.5)$$

мұндағы ℓ_0 – бірінші шамға дейінгі қашықтық, м;
ℓ_1 – шамдар арасындағы қашықтық, м.

$$M_{1-2} = 0{,}5 \cdot 7 \cdot \left(35 + \frac{2{,}5(7-1)}{2} \right), = 148{,}75 кВт \cdot м$$

1-3 телімдегі момент:

$$M_{1-3} = 0{,}5 \cdot 9 \cdot \left(35 + \frac{2{,}5(9-1)}{2} \right), = 202{,}5 кВт \cdot м$$

$M_{прив}=M_{0-1}+M_{1-2}+M_{1-3}=595+148{,}75+202{,}5=946{,}25$ кВт·м;

$$S_{0-1} = \frac{M_{0-1}}{C \cdot \Delta U} = \frac{595}{44 \cdot 2{,}5} = 5{,}4 мм^2$$

Қағаз оқшауламасы бар, полихлорвинилді құбыршекте, ААШВу 4х8 мм^2, $S_{о-1}$=8 мм^2 маркасындағы алюминий қабықшадағы кабельді қабылдаймыз.

0-1 телімдегі кернеудің нақты шығыны келесі формула бойынша анықталады:

$$\Delta U_{фак.0-1} = \frac{M_{0-1}}{C \cdot S_{0-1}} = \frac{595}{44 \cdot 8} = 1{,}69\%$$

0-1 телімдегі кернеудің шығыны:

$$\Delta U_{рас.0-1}=\Delta U-\Delta U_{ф0-1}=2{,}5-0{,}845=1{,}655\%$$

1-2 және 1-3 телімдегі қималар:

$$S_{1-2} = \frac{M_{1-2}}{C \cdot \Delta U} = \frac{148{,}75}{44 \cdot 2{,}5} = 1{,}35 мм^2$$

$$S_{1-3} = \frac{M_{1-3}}{C \cdot \Delta U} = \frac{202{,}5}{44 \cdot 2{,}5} = 1{,}84 мм^2$$

Көшені жарықтандыру торабы әуе желісімен А-16, $S_{ст}$=16 мм^2 сыммен орындалады.

$$\Delta U_{фак.1-2} = \frac{M_{1-2}}{C \cdot S_{1-2}} = \frac{148{,}75}{44 \cdot 8} = 0{,}42\%$$

$\Delta U_{ф0-1}+\Delta U_{ф1-2}=1{,}655+0{,}42=2{,}075\%<\Delta U=2{,}5\%$

$$\Delta U_{\text{фак.1–3}} = \frac{M_{1–3}}{C \cdot S_{1–3}} = \frac{202,5}{44 \cdot 8} = 0,575\%$$

$$\Delta U_{ф0\text{-}1}+\Delta U_{ф1\text{-}3}=1,655+0,575=2,23\%<\Delta U=2,5\%$$

Таңдалған өткізгіштерді жүктеме тогымен қыздыруға тексеру.
0-1 телімде есептік жұмыс тогы анықталады:

$$I_{\text{рас.раб.0–1}} = \frac{P_{\text{рас.0–1}}}{\sqrt{3} \cdot U_{\text{ном}} \cdot \cos\varphi}, \qquad (4.6)$$

мұндағы $P_{\text{рас.0-1}}$ – телімдегі есептік қуат, кВт;
$U_{\text{ном}}$ – тораптың номиналды кернеуі, В;
cos φ – активті қуат коэффициенті, с.б. ([7] cos φ=0,9 деп аламыз).

$$I_{\text{рас.раб.0–1}} = \frac{4,59}{\sqrt{3} \cdot 380 \cdot 0,9} = 7,76\text{А}$$

Қимасы $S_{ст}$=10мм^2 ААШВ маркасындағы кабельді аламыз, жүктеменің рұқсат етілген тогы $I_{доп}$=75А, таңдалған кабельді жүктеме тогын қыздыру шарты бойынша тексереміз $I_{доп}$=75А ≥ $I_{раб.}$=7,76А.

$$I_{\text{рас.раб.1–2}} = \frac{1,89}{\sqrt{3} \cdot 0,38 \cdot 0,9} = 3,2\text{А}$$

$$I_{\text{рас.раб.1–3}} = \frac{2,43}{\sqrt{3} \cdot 0,38 \cdot 0,9} = 4,1\text{А}$$

Әуе желісі үшін қимасы $S_{ст}$=10 мм^2 а марка сымды таңдаймыз, $I_{доп}$=105А, таңдалған сымды жүктеме тогын қыздыру шарты бойынша тексереміз $I_{доп}$=105А ≥ $I_{рас.\ раб\ 1\text{-}2.}$=3,2А и $I_{доп}$=105А ≥ $I_{рас.\ раб.1\text{-}3.}$=4,1А.

Көшені жарықтандыру желілерін кернеу шығынына тексеру ең ұзақ және ең көп жүктелген телімдер үшін жүргізіледі. Бес қабатты ғимараттардың ішкі ауласын жарықтандыру желісі маркасы А-16 екі сымдық сымымен орындалады.

Трансформаторлы ҚС жарықтандыру желісі маркасы АВВГ кабелімен қосылады. Сонымен қатар, тоғыз қабатты тұрғын үйдің алды бойынша жарықтандыру желілері АВВГ кабелімен орындалады.

Тарам қимасы -16 мм^2 төрттарамды кабельдер қолданылады.

Есептеу нәтижелері 4.1 кестеде көрсетілген.

4.1 кесте – Жарықтандыруды электрлік есептеу

Нысанның атауы	Телім	М, кВт.м	$М_{прив}$, кВт.м	ΔU, %	$S_{расч}$, $мм^2$	S ст, $мм^2$	$I_м$, А	$I_{доп}$, А
Тұрғын үйлердің көшесін жарықтандыру	0-1 1-2 1-3	595 148,75 202,5	946,25	1,65 5 0,42 0,57 5	5,4 1,35 1,84	8 8 8	7,76 3,2 4,1	90
Сауда орталығының көшесін жарықтандыру	0-1 1-2	405 250	655	1,53 0,94	3,65 2,27	6 6	3,6, 5 1,9	65
80 орынға арналған бала бақша	0-1	264	264	2,5	2,4	4	3,2	38
№ 133, 134, 135, 136 тұрғын үйлер	0-1 1-2 1-3	130 142 101	373	2,5 1,76 1,76	3,4 1,8 1,7	4 4 4	5,5 2,74 2,1	38 38 38
№ 114, 115 99 тұрғын үйлер	0-1 1-2	54 141,8	195	2,5 2,5	1,78 8,7	4 16	12,2 8 2,28	38 105
Бала бақша	0-1	302,4	302,4	2,5	2,7	4	3,2	38
№№ 109, 116, 108, 117 тұрғын үйлер	0-1 1-2	47,3 239	287	2,5 2,2	2,6 6,8	4 16	3,19 3,19	38 105
№№120, 133, 106 105, 121, 130 тұрғын үйлер	0-1 1-2	194,4	443	2,5 1,93	4,9 14,3	6 16	4,1 4,1	46 105
№№137, 128, 110 тұрғын үйлер	0-1	412	412	2,5	3,7	4	4,6	38
Мектеп	0-1	665	665	2,5	5,9	6	4,6	46
№№ 104,122, 103 тұрғын үйлер	0-1 1-2	170 209	379	2,5 1,64	3,6 15,4	4 16	3,2 3,2	38 105
Сауда орталығы	0-1 1-2	88 100	188	2,5 2,0	1,7 6,8	4 16	1,7 1,7	38 105

Сыртқы жарықтандырудың таңдалған электрлік тораптары ЭҚЕ сәйкес тексеру шарттарын қанағаттандырады.

5 Тұтынушы трансформаторлы ҚС қуатын және санын таңдау

5.1 Трансформаторлы ҚС траснформаторларының қуатын алдын-ала есептеу

ЭҚЕ сәйкес II санаттағы электр қабылдағыштарты электр энергиямен екі өзара резервтеуші қорек көздерінен қамтамассыз ету ұсынылады. II санаттағы электр қабылдағыштар үшін қорек көзінің біреуінен электрмен жабдықтау бұзылған кезде кезекші қызметкердің резервті көзді қосу үшін немесе оперативті бригаданың келуі үшін қажет уақыт аралығында электрмен жабдықтау үзілісі рұқсат етілген.

Трансформаторлардың орталықтандырылған резерві және бұзылған трансформаторды 1 тәулік ішінде ауыстыру мүмкіндігі болған кезде II санаттағы электр қабылдағыштарды бір трансформатордан қоректендіруге болады.

Трансформаторлардың қуатын таңдау үшін ҚС келетін максимплды толық қуат анықталады:

$$S_{макс} = \frac{P_{\sum макс}}{\cos\varphi_{чр.взв}} \qquad (5.1)$$

мұндағы $P_{\Sigma max}$ – жалпы есептік активті қуат, кВт;

$\cos\varphi_{ср.взв}$ – активті қуаттың орташа өлшенген мәні (tg $\varphi_{ср.взв}$ арқылы анықталады):

$$tg\varphi_{ср.взвс} = \frac{\sum Q_i}{\sum P_i} \qquad (5.2)$$

Бір трансформатордың қуаты келесі формула бойынша анықталады:

$$S_{рас.тр} = \frac{S_{макс}}{2 \cdot k_{чзаг.прим.}} \qquad (5.3)$$

мұндағы $k_{заг.прин}$- трансформатордың жүктелу коэффициенті, ($k_{заг.прин.}$=0,7 деп аламыз).

Бір трансформатордың анықталған қуаты бойынша трансформатордың жақын стандартты қуаты табылады Sном және трансформатор төүрі таңдалады. Таңдалған трансформаторлар нақты жүктелу коэффициенті бойынша қайталанады:

$$k_{заг.дейст.} = \frac{S_{макс}}{2 \cdot S_{чном.тр}} \qquad (5.4)$$

Келесі шарт сақталу керек: $k_{заг.дейст} \leq k_{заг.прин}$

№143 трансформаторлы ҚС трансформаторының қуатына есептеу жүргіземіз, тұтынушылары 5.1 кестеде көрсетілген.

5.1 кесте - №143 трансформаторлы ҚС тұтынушылары

Атауы	P, кВт	Q, кВАр	cos φ	tg φ
№ 101 тұрғын үй	48,75	14,14	0,96	0,29
№ 119 тұрғын үй	33,75	9,79	0,96	0,29
№ 126 тұрғын үй	57,74	16,74	0,91	0,46
№ 124 тұрғын үй	53,04	15,38	0,94	0,37
№ 113 тұрғын үй	42	12,18	0,96	0,29
№ 111 тұрғын үй	42	12,18	0,96	0,29
Дүкен	22	16,5	0,8	0,75
Сыртқы жарықтандыру	5,94	2,87	0,9	0,48

$$\Sigma P=48,75+33,75+57,74+53,04+42+42+22+5,94=305,22 \text{ кВт};$$

$$\Sigma Q=14,14+9,79+16,74+15,38+12,18+12,18+16,5+2,87=99,78 \text{ кВАр};$$

$$tg\varphi_{ср.взвс} = \frac{99}{305,22} = 0,327 \Rightarrow \cos\varphi = 0,96$$

Жалпы есептік активті қуат $P_{\Sigma max}$, тұрғын үйлер мен әкімшілік ғимараттары трансформаторлы ҚС-дан қоректену кезінде келесі формула бойынша анықталады:

$$P_{\Sigma max} = P_{зд.max} + P_{зд.1} \cdot k_1 + P_{зд.2} \cdot k_2 + \ldots + P_{зд.n} \cdot k_n, \qquad (5.5)$$

мұндағы $P_{зд.max}$ – ҚС қоректентін ең үлкен электрлік жүктеме, кВт;

$P_{зд.1}$, $P_{зд.2}$, $P_{зд.n}$ – ғимараттардың есептік жүктемелері, кВт;

k_1, k_2, k_n – максимум жүктемелердің (пәтерлер және әкімшілік ғимараттары) сәйкес еместігін есептейтін коэффициент [2].

$$P_{\Sigma max}=48,75+22+57,74+53,04+42+42+22 \cdot 0,8+5,94=289,0,7 \text{ кВт}$$

Трансформаторлы ҚС-3 шиналарында максимал есептік қуатты (5.1) формуланы қолданып анықтаймыз:

$$S_{макс} = \frac{289,07}{0,94} = 307,5 \text{кВА}$$

(5.3) формуланы қолданып бір трансформатордың қуатын анықтаймыз:

$$S_{рас.тр} = \frac{307,5}{2 \cdot 0,7} = 219,65кВА$$

ТМ-250/10/0,4 кВ түріндегі екі трансформаторды аламыз. Трансформатордың қуаты $S_{нт}$=250 кВА.

Таңдалған трансформаторды жүктелу коэффициенті бойынша (5.3) формуламен тексереміз:

$$k_{заг.дейст.} = \frac{307,5}{2 \cdot 250} = 0,615 \lhd 0,7$$

Басқа ҚС трансформаторларының қуатын есептеу осылай жүргізіледі. Есептеу нәтижелері 5.2 кестеге енгізіледі.

5.2 кесте – Трансформаторлар қуатының нәтижесі

Атауы	$P_{\sum макс.}$ кВт	$S_{макс.}$ кВА	$S_{ном.тр.}$ кВА	$k_{заг.}$
№ 141 трансформаторлы ҚС	186,12	198	2х160	0,619<0,7
№142 трансформаторлы ҚС	191,76	204	2х160	0,637<0,7
№ 143 трансформаторлы ҚС	289,07	307,5	2х250	0,615<0,7
№ 144 трансформаторлы ҚС	398,56	424	2х400	0,56<0,7
№ 145 трансформаторлы ҚС	327,12	348	2х250	0,696<0,7
№ 146 трансформаторлы ҚС	466,24	496	2х400	0,62<0,7

5.2 Трансформаторлардың жүйелі асқын жүктемеге тексеру

Трансформатордың жүйелі асқын жүктемесі тәулік (жыл) ішінде оның бір қалыпты емес жүктелу есебімен рұқсат етіледі. Трансформаторлардың асқын жүктелу коэффициенті $k_{пер.тр}$ келесідей анықталады:

$$k_{пер.тр.} = \frac{S_{нт} \cdot n}{S_{макс.}} \qquad (5.6)$$

Егер $k_{пер.тр} \geq 1$, онда трансформаторлар жүйелі асқын жүктемеге ұшырамайды және тексеру қажет емес [7].

$$k_{пер.тр.} = \frac{2 \cdot 250}{307,5} = 1,6$$

Шарт сақталады, яғни 1,6>1.

Трансформаторларды жүйелі асқын жүктемеге тексеру қажет емес.

Басқа трансформаторлы ҚС трансформаторларды жүйелі асқын жүктемеге тексеру осылай жүргізіледі.

5.3 Трансформаторларды апаттық асқын жүктемеге тексеру

Апаттық асқын жүктеме ерекше төтенше жағдайларда (апаттық) шектелген уақыт аралығында рұқсат етіледі, тұтынушыларды энергиямен жабдықтау кезінде үзіліс болмауы керек.


Егер ҚС кем дегенде екі трансформатор орнатылған жағдайда трансформаторды апаттық асқын жүктемеге тексеру жүргізіледі. Апаттық режим ретінде бір трансформатор ажыратылған режим қарастырылады.

Апаттық режимде асқын жүктеме коэффициенті $k_{пер.тр}$ анықталады.

$$k_{пер.тр.} = \frac{S_{нт}}{S_{макс.}} \qquad (5.7)$$

$$k_{пер.тр.ав} = \frac{250}{307,5} = 0,81$$

Жүктеменің тәуліктік графигіне $k_{пер.тр.ав}$ енгізіледі (5.1 сурет). Жүктеме графигімен К*нтав қилысу нүктесі бойынша асқын жүктеме уақыты tn=5 сағ. анықталады.



5.1 сурет – Жүктеменің қысқы тәуліктік графигі

Апаттық режимде бастапқы жүктеме коэффициенті анықталады:

$$k_{1.ав.} = \frac{1}{k_{пер.тр.ав.}} \cdot \sqrt{\frac{\sum S_i^2 \cdot \Delta t}{24 - t_{пер.}}} \qquad (5.8)$$

мұндағы S_i – уақыттың і- телімінің қуаты, кВА;
Δt – уақытша телім, сағат;
$t_{пер}$ – тәулік ішіндегі асқын жүктеме уақыты, сағ.

$$k_{1.ав.} = \frac{1}{0,7} \cdot \sqrt{\frac{0,3^2 \cdot 1 + 0,15 \cdot 1 + 0,1^2 \cdot 5 + 0,55^2 \cdot 3 + 0,5^2 \cdot 2 + 0,45^2 \cdot 1 + }{19}}$$
$$\sqrt{\frac{+ 0,4^2 \cdot 5 + 0,6^2 \cdot 1}{}} = 0,54$$

«Трансформатордың жүйелі және апаттық асқын жүктемесінің максимал рұқсат етілген нормасы» [12] кестесі бойынша салқындатқыш ортаның $\Theta_{охл}$ эквивалентті температурасына, трансформатордың салқындау жүйесіне, бастапқы жүктеме коэффициентіне К1ав және уақытша асқын жүктемеге $t_{пер}$, байланысты рұқсат етілген апаттық асқын жүктеме коэффициенті $k_{доп.пер}$ анықталады.

Алматы қаласы үшін $\Theta_{охл}$ – 13,4ºС.

Трансформатордың жүйесі – М – ауа және май айналымы табиғи.

Асқын жүктеме уақыты $t_{пер.}$ – 6 сағат.

$k_{г.доп.ав}$=1,7

трансформаторды апаттық асқын жүктемеге тексеру.

$$S_{ном.\ тр.} \cdot k_{доп.\ пер} = 250 \cdot 1,7 \geq S_{мак} = 327,12 \text{ кВА} \qquad (5.9)$$

425кВА>327,12кВА шарт орындалады.

№143 трансформаторлы ҚС таңдалған трансформаторлар апаттық асқын жүктемеге тексеру шартын қанағаттандырады.

Трансформаторларды апаттық асқын жүктемеге тексеру осылай жүргізіледі. Есептеу нәтижелері 5.3 кестеге енгізіледі.

5.3 кесте – Трансформаторларды жүйелі және апаттық асқын жүктемеге тексеру

Трансформаторлы ҚС №	$k_{пер.\ тр}$	$k_{пер.\ тр.\ ав}$	$k_{1ав}$	$k_{2доп}$	$S_{нт} \cdot k_{2доп}$, кВА	$S_{рас}$, кВА
№ 141 трансформаторлы ҚС	1,26	0,6	0,63	1,6	256	249
№ 142 трансформаторлы ҚС	1,45	0,7	0,56	1,7	425	344
№ 143 трансформаторлы ҚС	1,45	0,81	0,54	1,7	425	327
№ 144 трансформаторлы ҚС	1,65	0,8	0,52	1,8	720	484
№ 145 трансформаторлы ҚС	1,84	0,9	0,49	1,9	760	433
№ 146 трансформаторлы ҚС	1,45	0,7	0,56	1,7	680	550

6 Жоғары кернеу (ЖК) тарату тораптарының сұлбасын таңдау

Тарату тораптарынан бастап тұтынушы трансформаторлы ҚС дейін электр энергияны тарату 10 кВ тарату тораптары бойынша іске асады. Таратушы және қоректендіруші 10 кВ тораптар қалалық коммуналды-тұрмыстық нысандарды бірге қоректендіру үшін қолданылады. 10 кВ қалалық тораптар оқшауланған бейтараптамалармен [1] орындалады.

Қалалық тарату тораптарын тұрғызу сұлбасы өте көп. Сұлбаны таңдау электрмен жабдықтаудың сенімділік деңгейіне, сонымен қатар тұтынушылардың таратушы орындарға қатысты аумақтық орналасуына байланысты жүргізіледі.

Электрлік тораптарға арнайы технико-экономикалық талаптар қойылады, соның есебімен ең тиімді нұсқаға таңдау жүргізіледі.


Экономикалық талаптар торап бойынша электр энергияны жіберу құнын төмендетуге әкеледі, сондықтан торап құрылысына жұмсалатын шығындарды төмендетуге қол жеткізу керек. Сонымен қатар, электрлік тораптарды пайдаланудағы жылдық шығындарды төмендету үшін іс шаралар қолдану қажет. Күрделі қаржы салымдары мен пайдалану шығындарын бір уақытта есептеу келтірілген жұмсалымдар әдісі арқылы жүргізіледі. Осыған байланысты электрлік тораптар нұсқасының тиімділігін бағалау келтірілген жұмсалымдар бойынша жүргізіледі.

Технико-экономикалық талаптарға сәйкес келетін ең тиімді нұсқаны таңдау – бұл кез келген инженерлік құрылыстарды, оның ішінде электр тораптарын жобалау кезіндегі негізгі сұрақтардың бірі болып табылады.


Берілген ауданның электр тораптарының сұлбасын қарастырамыз, сонымен қатар, технико-экономикалық салыстыру үшін тиімді нұсқаны таңдауға олардың артықшылықтары мен кемшіліктерін талдаймыз.

ЖК тарату тораптары келесі сұлбалар бойынша орындалады: радиалды (бір жақты қорек), магистральді, резервтің автоматты қосылуы бар (АВР) тұйықталмаған тұзақша бойынша, тұйықталған тұзақша бойынша. Радиальді және магистральді сұлба бойынша орындалған тарату тораптарының нұсқасы келтірілген (6.1 сурет), себебі бұл нұсқа ұарапайым және қымбат емес болып табылады.

Бұл сұлбаның сипаттамалаық ерекшелігі тұтынушыларды электрмен жабдықтау бір жақты болып табылады. ҚС 10 кВ шиналарында немесе Л1 және Л2 кез келген бөлімде апат болған кезде негізгі (бас) майлы ажыратқыш В1 немесе В2 автоматты түрде ажыратылады және жөндеу уақытында тқтынушыларға элек энергиясын жіберу тоқтатылады.



а)




б)

а) радиалды, б) магистральді

6.1 сурет – Тарату тораптарының сұлбасы


Мұндай сұлбалар III санаттағы тұтынушылар үшін қолданылады, себебі бұл сұлбаларда резервті қорек болмайды және электрмен жабдықтаудың минимал сенімділігі іске асады.

Қалалық тораптарда айналма сұлба бойынша орындалған 10 кВ тарату тораптары қолданылады (6.2 сурет). Бұл сұлба әрбір трансформаторлы ҚС екі жақты қоректену мүмкіндігін береді. Қандай да бір бөлім бұзылған жағдайда әрбір трансформаторлы ҚС тқтынушыларды электрмен жабдықтау сеімділігін қамтамасыз ету бойынша қорек алып отырады.



6.2 сурет – Электрмен жабдықтаудың айналма сұлбасы

Электрмен жабдықтауды арттыру үшін магистральді торап екі қорек көзімен (әр түрлі секцияы шиналардан 6.3 сурет) орындалады.



6.3 сурет - Электрмен жабдықтаудың магистальді сұлбасы

Дипломдық жобада салыстыру үшін ЖК тарату торабының екі сұлбасы қарастырылады: электрмен жабдықтаудың айналма сұлбасы және екі қорек көзі бар магистральді сұлба.

[4] сәйкес қалалық аумақтарда, биіктігі 4 қабат және одан жоғары құрылыс аудандарында 10 кВ электр тораптары кабельмен орындалады. Кабельді желілерді кемінде 0,7 м тереңдікте орда төсейді [1].

7 10 кВ кабель желісінің қимасын алдын-ала таңдау

[3] сәйкес 10 кВ тарату тораптарында алюминий талсымы бар кабельдерің қимасын 35 мм^2 алу керек. Экономикалық тиімді қимасын таңдау сымның металлына және максимум жүктемені қолдану уақытының санына байланысты токтың экономикалық тығыздығы бойынша жүргізіледі /1/.

$$F = \frac{I_{рас.мак}}{j_{э.}} \qquad (7.1)$$

мұндағы $I_{рас.\ мак}$ – есептік максимал ток, А;

$j_э$ – токтың экономикалық тығыздығының қалыпты мәні А/мм^2, [3] сәйкес $j_э$=1,6 А/мм^2 деп аламыз).

$$I_{рас.мак..} = \frac{S_{макт}}{\sqrt{3} \cdot U_{ном.}} \qquad (7.2)$$

мұндағы Sm – кабель бойынша жіберілетін максималды есептік қуат, кВА;

$$S_{мак.} = \sqrt{P^2_{мак} + Q^2_{мак}} \qquad (7.3)$$

«Алғабас» ҚС – ТП мен трансформаторлы ҚС-2 бөлімдерінде кабельдің қимасын таңдаймыз (7.1 сурет).

$$P_{мак.} = \sum P_{\Sigma i} k_y \qquad (7.4)$$

мұндағы k_y – максималды жүктемеге қатысы, с.б. ([2] сәйкес k_y =0,8)

РΣi – жалпы есептік жүктеме

$$P_{мак.0-2} = (P_{\Sigma 1} + P_{\Sigma 2} + P_{\Sigma 3} + P_{\Sigma 4} + P_{\Sigma 5} + P_{\Sigma 6}) \cdot 0{,}8 =$$
$$= (355{,}65 + 237 + 323 + 450{,}4 + 417 + 512) \cdot 0{,}8 = 1836 кВ$$

cos φ – ТП шиналарындағы активті қуат коэффициенті, ([2] сәйкес cos φ=0,92);

tg φ – реактивті қуат коэффициенті, (tg φ=0,43)

$$S_{мак.0-2} = Q_{мак.0-1} \cdot tg\varphi = 1836 \cdot 0{,}43 = 789{,}5 \text{ кВар.}$$


$$S_{мак.0-2} = \sqrt{P^2_{мак,0-2} + Q^2_{мак.0-2}} = \sqrt{1836^2 + 789{,}5^2} = 1999 кВА .$$

$$I_{рас.мак.0-2} = \frac{1999}{\sqrt{3}\cdot 10} = 125{,}6А$$

$$F = \frac{125{,}6}{1{,}6} = 78{,}5мм^2$$

Маркасы ААБ кабельді таңдаймыз, талсым қимасы 95 мм^2 $I_{доп}$ = 240А

